



Scientific article
IRSTI 21.31.35



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-155-2-166-177>

RELIGIOUS VIEWS AND IDEAS OF KAZAKH ENLIGHTENERS OF THE 19TH CENTURY

^aKairat ZATOV , ^aShamshat ADILBAEVA ✉ , ^aAlau ADILBAEV , ^aAnar ZHAXYBAYEVA

^aEgyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

✉ shamshat.nmu@mail.ru

Abstract. The article extensively examines the issues related to the study of the history and distinctive features of the religious beliefs and traditions of the Kazakh people in the works of Sh. Ualikhanov and Y. Altynsarin. The descriptions of nineteenth-century Kazakh beliefs and practices by these thinkers rely on the research methods and principles of their time. In his writings, Ualikhanov highlights the connection between pre-Islamic Turkic beliefs and daily life, along with the blended nature that appeared with the rise of Islam. Altynsarin, on the other hand, explains the ethical and moral aspects of Islam and points out the unique traits of «Kazakh Islam». A comparison of their works reveals the complex layers of Kazakh religious understanding and its development trends, showing that both tradition and religion were treated as a unified spiritual system and as valid subjects for research. Furthermore, the works of nineteenth-century Kazakh enlighteners interpret the moral and ethical principles of Islam as a key driver of societal modernization. The findings of this study indicate that their religious and intellectual concepts had a profound impact on the development of national consciousness as well as the cultural and spiritual evolution of society.

Keywords: Shokan Ualikhanov; Ybyrai Altynsarin; religion; belief; shamanism; Tengri; Kazakh Islam; religious tradition; religious learning; burial rites; iskat; spiritual values.

For citation:

Zatov, K., Adilbaeva, Sh., Adilbaev, A., Zhaxybayeva, A. (2026). Religious views and ideas of kazakh enlighteners of the 19th century. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 155(2), 166-177. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-155-2-166-177>

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСАРЫ МЕН ИДЕЯЛАРЫ

аҚайрат ЗАТОВ, аШамшат ӘДІЛБАЕВА, аАлау ӘДІЛБАЕВ, аАнар ЖАКСЫБАЕВА
аНұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

РЕЛИГИОЗНЫЕ ВЗГЛЯДЫ И ИДЕИ КАЗАХСКИХ ПРОСВЕТИТЕЛЕЙ XIX ВЕКА
аҚайрат ЗАТОВ, аШамшат АДИБАЕВА, аАлау АДИБАЕВ, аАнар ЖАКСЫБАЕВА
*аЕгипетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
г. Алматы, Республика Казахстан*

Аңдатпа. Мақалада Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсарин еңбектеріндегі қазақ халқының діни наным-сенімі, әдет-ғұрпының зерттелу тарихы мен өзіндік ерекшелігін айқындау мәселесі кеңінен қарастырылады. Қос ойшылдың өздері өмір сүрген XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы діни наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптарын сипаттауы сол уақыттарда кең таралған ғылыми таным методологиясы мен принциптеріне негізделгенін көрсетеді. Ш. Уәлиханов өз еңбектерінде исламға дейінгі көне түркілік наным-сенімдердің халықтың тұрмыс-салтымен сабақтастығына және ислам таралған уақыттағы синкретті сипатын атап көрсетсе, Ы. Алтынсарин исламның адамгершілік-ахлақтық қырларын аша отырып, қазақ мұсылманшылығының өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Екі ойшылдың еңбектерін салыстыра талдау олардың қазақ діни танымының көпқабаттылығын, діни санасының эволюциялық даму тенденциясын аша отырып, дәстүр мен дінді біртұтас рухани жүйе ретінде ғылыми танымның объектісі ретінде зерттеп зерделегенін айқындайды. Сонымен қатар, олардың еңбектерінде исламның моральдық-этикалық ұстанымдары қоғамдық жаңғырудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының діни-танымдық тұжырымдары ұлттық сананың қалыптасуы мен қоғамның мәдени-рухани дамуына елеулі ықпал еткенін айғақтайды.

Түйін сөздер: Ш. Уәлиханов; Ы. Алтынсарин; дін; наным-сенім; шамандық; Тәңір; қазақ мұсылманшылдығы; діни дәстүр; діни білім; жерлеу рәсімдері; ысқат; рухани құндылықтар.

Аннотация. В статье широко рассматриваются вопросы изучения истории и специфических особенностей религиозных верований и традиций казахского народа в трудах Ч. Валиханова и Ы. Алтынсарина. Описание религиозных верований и обычаев казахского общества XIX века двумя мыслителями показывает, что оно основано на методологии и принципах научного познания, широко распространенных в ту эпоху. В своих трудах Ч. Валиханов отмечает связь доисламских древнетюркских верований с образом жизни народа и синкретический характер религии в период её распространения, тогда как И. Алтынсарин, раскрывая морально-этические стороны ислама, выявляет уникальные особенности казахского мусульманства. Сравнительный анализ трудов этих двух мыслителей показывает, что они исследовали религиозное сознание казахов как многослойное явление, выявляли эволюционные тенденции его развития, рассматривая традицию и религию как единую духовную систему, как объект научного исследования. Кроме того, в трудах казахских просветителей XIX века морально-этические принципы ислама рассматриваются как важный фактор общественной модернизации. Результаты исследования показывают, что религиозно-познавательные концепции оказали значительное влияние на формирование национального самосознания и культурно-духовное развитие общества.

Ключевые слова: Ч. Валиханов; И. Алтынсарин; религия; вера; шаманизм; Тенгри; религиозная традиция; традиции казахского мусульманства; религиозное образование; похоронные обряды; ысхат; духовные ценности.

Дәйексөз үшін:

Затов, Қ., Әділбаева, Ш., Әділбаев, А., Жаксыбаева А. (2026). XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының діни көзқарасары мен идеялары. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 155(2) 166-177, <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-155-2-166-177>

Для цитирования:

Затов, К., Әділбаева, Ш., Адилбаева, А., Жаксыбаева А. (2026). Религиозные взгляды и идеи казахских просветителей XIX века. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 155(2) 166-177, <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-155-2-166-177>

Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ топырағында жаңа сипаттағы ғылыми білімнің дамуына баға жетпес үлес қосқан – Ш.Уәлиханов пен Ы. Алтынсарин артына зор шығармашылық мұра қалдырды. «Шоқан Уәлихановтың ғылыми шығармашылығы география, тарих, этнография салаларымен ғана шектелмейді, ол өзі саяхаттаған жерлердің жер бедерін картаға түсіре отырып, жер қойнауындағы минералдар мен сирек металдардың сипаттамасын қалдырған. И.В. Мушкетов өзінің Шоқан Уәлихановты еске алуға арналған. «Шоқан Уәлиханов және оның геологиялық коллекциясы» атты мақаласында «Шоқан Уәлихановтың Алтышар туралы жазбаларында әртүрлі минералды заттардың бар екеніне тоқталып, сипаттамасын бергенін атап өтеді (Уәлиханов, 1975). Аталған деректер Шоқан Уәлихановтың ғылыми таным көкжиегінің өте ауқымды болғанын аңғартады.

Ыбырай Алтынсаринді көпшілік қауым алғашқы заманауи қазақ мектептерінің негізін қалаушы, ағартушы-педагог ретінде біледі. Алайда, Ыбырай Алтынсариннің ғылыми мұрасын талдау оның қазақ халқының салт-дәстүрлері мен наным-сенімдерін зерттеуші этнограф ғалым ретіндегі қырларын ашады. Аталған қос ойшылдың еңбектерінің ғылыми-теориялық және методологиялық тұғырларын саралау оларды қазақ топырағындағы ғылыми таным мен методологияның, ғылыми ойлау мен зерттеудің негізін қалаған қайраткерлер деп қарастыруға мүмкіндік береді.

Тақырыптың негіздемесі және мақсаты мен міндеттері

XIX ғасырдағы қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсарин еңбектеріндегі қазақ халқының салт-дәстүрлері мен діни наным-сенімдерінің ғылыми түсіндірілу ерекшеліктерін талдау арқылы олардың діни-танымдық мұрасының эпистемологиялық негіздерін, тарихи-мәдени маңызын және қазіргі гуманитарлық ғылымдар дамуымен сабақтастығын айқындау.

Қазіргі қазақ халқының салт-дәстүрі мен діни наным-сенімдерін зерттеуде елімізге танымал ойшылдар Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсариннің алатын орны ерекше. Өйткені олар осы дәстүрлер мен діни рәсімдердің тарихи-мәдени және әлеуметтік-құндылықты контекстерін сол дәуірдегі батыстық және ресейлік этнографтар мен тарихшылардан әлде қайда терең түсінген. Бұл көшпенді халықтардың мәдениеті мен діни дәстүрлерін зерделеуде оларды тұрпайы өмір салтының көрінісі мен сарқыншақтары деп емес, өзіндік танымдық мәні мен әлеуметтік рөлі бар құбылыс ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аталған ойшылдардың еңбектерінің еліміздегі гуманитарлық ғылым салаларының дамуындағы ықпалы мен орнын ашуда маңызды. Осы мақсатта мақалада Ш. Уәлиханов пен Ы.Алтынсариннің қалдырған мұраларының эпистемологиялық принциптерін және олардың қазіргі заманғы ғылымның дамуымен сабақтастығын талдауға назар аударылады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаланың деректемелік негізін Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсариннің этнографиялық еңбектері, хаттары мен замандастарының естеліктері құрайды. Қос ойшылдың дін мен салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптар мен рәсімдерге қатысты идеялары мен көзқарастарын талдауда ғылымда кең таралған тарихилық пен қисындылық, салыстырмалылық пен герменевтикалық, феноменологиялық және мәтіндік талдау тәсілдері құрайды.

Негізгі бөлім

Қазақ ағартушыларының шығармашылығындағы тақырыбымызға қатысты мәселелерді ашу үшін олардың ғылыми мұрасын зерттеудің тарихнамасына үңіліп, негізгі кезеңдеріне тоқталу маңызды. Осы тұрғыда Ш. Уәлихановтың еңбектерінің жинақталып, зерттелуінде бірнеше кезеңдерді бөліп қарастыруға болады:

Ш. Уәлиханов қолжазбаларының алғаш рет жеке туынды ретінде жарық көруі (XIX ғасырдың екінші

жартысы – XX ғасырдың басы). Бұл кезең Ресей және Еуропа ғалымдарының Шоқан Уәлихановтың ғылыми ізденістеріне берілген бағалары мен естеліктерін қамтиды. Шоқан Уәлиханов еңбектерінің Ұлыбританияда ағылшын тілінде жарық көруі оның тек Ресей империясы емес, әлемдік ғылыми қауымдастықта Орталық Азия халықтарының географиясы мен тарихын, этнографиясы мен фольклорын зерттеуші ғалым ретінде танымалдыққа ие болғанын көрсетеді.

XX ғасырдың 40-80 жылдары. Осы уақыттарда қазақ ғалымдары Ә. Марғұлан, М. Ақынжанов, О. Сегізбаев және т.б. Ш. Уәлихановтың саяси-қоғамдық, философиялық көзқарастарын жан-жақты зерттеп, еңбектерін жүйелеп басып шығарды. 1985 жылы Ш. Уәлихановтың еңбектерінің бес том болып қайта басылуы ғалым шығармашылығын зерттеудің маңызды кезеңі болды.

Ш. Уәлихановтың ғылыми шығармашылығын әр қырынан зерттеудің үшінші кезеңі Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған алғашқы жылдарынан басталып қазірге дейін жалғасып келеді. Бұл кезең «Ш. Уәлиханов шығармашылығын кеңестік идеологиялық стереотиптерден тыс объективті зерттеуге деген талпыныспен ерекшеленеді және сонымен қатар Шоқан Уәлихановтың еңбектерін мұқият талдап, негізсіз ой тұжырымдар жасаудан сақтанудың да маңызы зор. Себебі қазіргі зерттеушілер Ш.Уәлихановқа телініп келген кейбір мақалалардың авторлығына күмән келтіреді (мысалы, Абылай туралы мақаланы Шоқан Уәлихановтың атынан тарихшы А.И.Левшин жазған деген пікірлер айтылады). Осы тұрғыда Шоқан Уәлихановтың қазақ сахарасындағы православиелік миссионерлікке қатысты ой-тұжырымдарына сындарлы қарап, авторлығын анықтау қажет.

Ш.Уәлихановпен замандас болып, жақын араласқан орыс ғалымдары өз естеліктерінде оның қолжазбаларының сақталмағанын, мақалаларының аяқталмағанын және қолжазбаларының түсініксіз тұстары көп болғанын атап көрсетеді. А.Н.Пыпин өз естеліктерінде оның қолжазбаларының із - түссіз жоғалып кеткенін айтады (Уәлиханов, 2010, 74 б.). Ал Н.И.Веселовский: «Қашғар сапары туралы жазбалар осы тамаша адамның негізгі айтулы еңбегін құрайды; қалған мақалаларының басым көпшілігі толық аяқталмаған немесе кіріспе күйінде қалған және бұл мақалалардың дені қолжазба емес, өзгелердің көшірмесі ретінде сақталған. Қолжазбаны көшіруші өз тапсырмасын мүлтіксіз орындады келді деуге келмейді, Шоқан Уәлихановтың жазуы өте түсініксіз болғандықтан, қайталап көшіруде бос қалған жерлер көп немесе сөздердің мағынасы бұрмаланған, ал автор неге екені белгісіз, түзетулер жасамаған», - дейді. Н.И.Веселовский «кейбір қағаздардың» Омбы қаласындағы әскери губернатордың көмекшісі болған К.К.Гаутковскийдің жазғанына назар аударады. Алайда бұл жердегі «кейбір қағаздардың» не екені белгісіз, бұл «қағаздар» Шоқан Уәлихановтың өз жазбалары ма әлде түзетулер енгізілген К.К.Гаутковскийдің жазбалары ма деген сұрақтың беті ашық қалып отыр. Дегенмен, Шоқан Уәлиханов қайтыс болған соң Ресей отарлық әкімшілігі оның мақалаларын редакциялап, түзетулер мен өзгертулер, толықтырулар енгізген тәрізді және бұл патшалық әкімшіліктің сахарадағы саясатына сай жасалған болуы мүмкін. Осы айтылғандар Шоқан Уәлихановтың мұрасына мұқият қарап, терең сараптауды талап етеді.

Шоқан Уәлихановтың қазақ халқының діни танымы мен дәстүріне қатысты еңбектері үш топтан тұрады. Біріншісі топ қазақтардың исламға дейінгі наным-сенімдерін зерттеп, талдауға арналған “Тәңір”, “Қазақтардағы шамандықтың белгілері” мақалаларын қамтиды Екіншісі «Сахарадағы мұсылмандық туралы» мақаласында көрініс тапқан қазақ еліндегі исламның сол кезеңдегі ахуалын сипаттайды. Үшіншісі қазақ даласында сақталған мазарларға қатысты зерттеу еңбектері. Шоқан Уәлихановтың бұл мақалаларынан басқа көшпелі халықтардың діни наным-сенімдерін сипаттайтын қырғыз халқының “Манас” дастанын, “Едіге” батыр жайлы және т.б. еңбектерін де атап өтуге болады. Аталған мақалаларында дін арнайы зерттеу тақырыбы болмағанымен, мәтіндерді сипаттаудан ежелгі наным-сенімдер мен діни түсініктерге қатысты мол мәліметтер кездестіреміз.

Шоқан Уәлихановтың “Тәңір”, “Қазақтардағы шамандықтың белгілері” сол замандағы еуропалық гуманитарлық ғылыми парадигмада берік орын алған этнографиялық зерттеу методологиясына негізделеді. Ғалымның бұл еңбектерінің маңызы туралы Е. У. Байдаров: «Алғаш рет қазақтардың діни-дүниетанымдық кешені ғылыми мәселе ретінде Ш. Уәлихановтың еңбектерінде қарастырылды» деп жазады (Байдаров, 2014, 99 б.).

Ш. Уәлиханов қазақ халқының мифтік дүниетанымын, салт-дәстүрлері мен наным-сенімдерін зерттей отырып, оның рухани болмысын, халықтық сананың тарихи-мәдени мазмұны мен бітімін ашады. Бұл Ш.

Уәлихановты алдыңғы қатарлы Еуропа ғалымдарымен жақындастырады. Ш. Уәлиханов этнографиялық сипаттау мен деректерді жүйелеу тәсілдерін ұтымды қолдана отырып, ежелгі наным-сенімдер мен салт-дәстүрдің, жыр-дастандар мен мифтік көркем образдардың халықтың тарихи жады мен мәдени кодындағы орны мен рөлін айқындайды. Шоқан Уәлихановтың түсінігінде халықтың діни санасы бірнеше қатпардан тұрады және мұнда ескі наным-сенімдер мен мұсылмандық түсініктері бір-бірімен қабаттасып жатады. Ш. Уәлиханов «Жұбан ана мазары» атты мақаласында мазардың географиялық орналасуы мен құрылысын сипаттай келе: «Онда оның әулиелігінің дәлелі болатын “жалаулар” көп. Осы жерден өткенде қайсақтардың кез келгені құдай жолына берілгендік түйсікпен әрі діни сезім жетегінде түрлі діни салттарды орындайды, мінәжат қылады; осы арқылы тақуаның көңілін тауып, Мұхаммедтің рақымын алғылары келеді» деп жазады. Ш. Уәлиханов бұл жерде қандай діни салттардың орындалатыны мен мінәжаттың жасалатынын ашып жазбайды, Алайда Мұхаммед пайғамбардың рақымын алғылары келеді дегені мұсылмандық діни рәсімдерді меңзегенін аңғартады. Шоқан Уәлихановтың қазақ халқының діни наным-сенімдері мен рәсім-ғұрпын зерттеуі қазіргі дінтануда кең таралған “Lived religion” ұстанымына сай келеді. Бұл дін ұстанушылардың күнделікті тұрмыстық діни практикалары мен наным-сенімдеріне негізделген қарым-қатынастарын, әлеуметтік-адамгершілік ұстанымдарын шынайы тәжірибе барысында бақылап, сипаттауға мүмкіндік береді.

Ш.Уәлиханов діни наным-сенімдердің күнделікті тұрмыстағы көріністерін сипаттағанда спекулятивтік тұжырымдардан бойын аулақ ұстап жалпылама теориялық қорытындылар жасамайды және дескриптивті феноменологиялық талдауға мән береді. Бұл XIX ғасырдағы қазақ топырағына тән дін мен діндарлықтың өзіндік кескін-келбетін бұрмалаусыз өз мәні мен бітімінде қабылдауды қамтамасыз етеді. Ш. Уәлиханов өз заманына тән діндарлықты былай деп сипаттайды: «Тақуалық құлық, белгілі ырым-жоралардың мүлтіксіз орындалуын талап еткен, ал енді, сол әдет-ғұрыптың орындалмауы күнә, діндарлықты бұзу болып саналып, кесір-кесапатқа душар етеді деп ұққан».

Ш. Уәлиханов XIX ғасырдағы күнделікті тұрмысында көрініс тапқан діни наным-сенімдер мен рәсімдерін халықтың мыңжылдық тарихынан тамыр алатын және өзіндік болмысын айқындайтын маңызды құбылыс деп бағалайды. Олар халықтың тарихи жады мен мәдени геномын қалыптастырады, табиғат пен қоғамға, өзінің “меніне” деген қатынасының, өзін өзі қабылдауының іргетасы болып табылады. Сондықтан оларды ескінің нышаны мен сарқыншағы, экзотикалық мұражайлардың қатардағы экспонаттары деп қарастыруға болмайды. Бұл тұста Шоқан Уәлихановтың ұстанымы неміс ғалымы В. Вундтың “Халықтар психологиясы” атты еңбегінде көрініс тапқан идеяларымен үндеседі. В. Вундт: «Дін халықтың рухани мәнінде терең ұяланған қоғамдық өмір формаларының бірі. Дін тек тылсымға сену емес, ол сонымен қатар этикалық дүниетүйсінү, ұжымның өзіндік санасы» дейді (Вундт, 1992, 205 б.). Ш. Уәлиханов көркем сөз арқылы ұрпаққа жетіп халық жадында көрініс көшпелі елдің төлтума даналығын зерттеудің маңызын: «...Халық аузындағы нақыл сөздерді зерттеудің этнография үшін зор маңызы бар...Өйткені халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы ондай сөздерден айқынырақ көрінеді...», - деп жазады (Нысанбаев, 2006, 140 б.). Алайда Шоқан Уәлихановтың зерттеулері «этнографиялық бақылаулардың қарапайым коллекциясы емес, Ресей империясының осы аймақтағы саясатына ықпал еткен терең ғылыми талдау болды» (Абдыкеримов, 2010).

Шоқан Уәлихановтың сол дәуірдегі халықты толғандырған өзекті мәселелерге қатысты жазған еңбектеріндегі ой толғамдары қазіргі таңда терең сындарлы талдауды талап етеді. Өйткені, олардың мән-мазмұны мен қисынындағы қайшылықтардың орын алуы Ш. Уәлиханов мұрасына қызығатындарды ойландырмауы мүмкін емес. Айталық Ш.Уәлиханов «Сот реформасы туралы жазбаларында» қазақ даласындағы билер институтын отарлық әкімшілік қайта құрудың дәстүрлі қазақ қоғамы үшін керітартпа құбылыс болатынын алға тартады, қазақ даласындағы сот жүйесіне, әділеттілік принципіне деген сенімсіздікті тудыратынын ашық жазады. «Қазақ даласында сот реформаларын жүргізу туралы мәселеде Ш. Уәлиханов өзіндік ұстанымда болды. Ол либералдылығы мен демократияшылдығына қарамастан, реформаның негізгі идеяларын бөліскенімен, аталған реформа қазақ даласында қолданыла алмайды деп санады» (Уәлиханов, 2016, 54 б.). Оның пікірінше, заң мен құқық әділеттілікке негізделіп, адал адамның мүддесін қорғауы тиіс. Қазақ халқының билер соты әділдік пен шындық тұғырын биік ұстап көшпенді қазақ қоғамындағы тұрақтылық пен тұтастықты сақтауға зор ықпал еткен. Ш. Уәлиханов сайланбалы соттардың қазақ сахарасында дәл билер сотындай беделді және тиімді болатынына күмән келтіреді. Билер сотының ұтымды тұстары мен халық мүддесіне сай екендігін дәйектей отырып, азаматтық істерді билер сотының құзырында қалдыруды

дұрыс деп табады. Бұл Шоқан Уәлихановтың үлкен көрегендігі болды. Өйткені, халық болмысынан бастау алған және онымен тығыз байланысты адамгершілік арналарынан толыққан құқықтық жүйе ғана тиімді әрекет етіп, қоғамның қалыпты дамуын қамтамасыз ете алатын еді.

Билер сотын сақтау халықтың ғасырлар қойнауларынан бастау алатын және үзілмей жалғасып келген дәстүрінің өміршеңдігін қамтамасыз етудің пәрменді тетігі еді. Ш. Уәлиханов «Сот реформасында» билер институтының халық тұрмыс-тіршілігіндегі маңызын көрсете отырып, қазақ халқының өзіндік дәстүрі мен төл болмысын бұрмалауға жол ашатын осындай қайта құрулардың зардаптарын да болжайды және алдын алуға талпынады. Ы. Алтынсарин де қазақ халқының салт-дәстүрі мен даму сай келетін билер сотын сақтап қалуды қолдады (Алдибеков, 1993, 19 б.). Ойшылдардың көзқарасындағы бұл ұқсастық халық мүддесін ойлауда зиялылардың ортақ ұстанымда болғанын айғақтайды.

Ал «Сахарадағы мұсылмандық туралы» мақаласының мазмұны Шоқан Уәлихановтың жоғарыдағы «Сот реформасының» интенциясына мүлдем қайшы. «Сахарадағы мұсылмандық туралы» мақаласында: «Мұсылмандық әзірше біздің сүйегіміз бен қанымызға сіңіп бола қойған жоқ. Ол бізге келешекте халықты ыдырату қаупін төндірмек. ... Жалпы қазақ халқының алдында еуропалық цивилизацияға жетуде, орыстардың византиялық дәуірден өткені сияқты татар халқы арқылы өтудің өлермен перспективасы тұр. ... Біз қайткен күнде татар дәуірін айналып өтуіміз керек, ал үкімет бұл жағынан бізге көмектесуі қажет. ... Осы адамсүйгіш істі тындыру үшін, ең алдымен, тек ислам идеясы мен молдаларға деген қамқорлықты тоқтату және округтегі татар мектептерінің орнына орыс мектептерін ашу керек» деп жазады (Ғабитов, Барлыбаева, 2007, 47 б.). Шоқан Уәлихановтың «татар дәуірі» деп отырғаны қазақ халқының исламды қабылдаған және содан кейінгі кезең екені айқын. Шоқан Уәлихановтың Еуропалық білімге ден қоюы халқының қамын ойлағанынан, оның дамуына қолынан келгенше үлесін қосуға талпынғаны жас ғалымның адал ниетінен туындаған әрекеті де болар. Алайда, діні мен салт-дәстүрінен безінген халықтың кемелденуі мен толысуы шын мәніндегі кемелділік болады деу қиын.

Шоқан Уәлихановтың кейбір ойлары оның ағартушылықты православиелік сенімді қабылдаумен байланыстырғанын да аңғартады. Ол өзінің жоғары да аталған мақаласында қазақтардың арасындағы православиелік христиан дінін таратуға бағытталған іс-шараларға бағалай келе, шоқынған қазақтарды мешандар немесе қазақ-орыстар сословиесіне жазудың және дәстүрлі әлеуметтік ортадан шеттетудің христиандық тұрғыдан дұрыс болғанымен, саяси тұрғыдан қателік екенін айтады. Өйткені, бұл шара қазақ қоғамының діни сеніміне үлкен нұқсан келтірмеді. Шоқан Уәлихановтың шоқынғандарды елден бөлмей, туыстық байланыстарды сақтау православиелік христиандықты тарату ісіне игі ықпал етеді деп тұжырымдайды. Шоқан Уәлихановтың «кейбір қазақ - орыс станицаларындағы халықтың жартысына жуығы шоқынған қазақтардан тұрады, мысалы: Ямышевская, Чистая және тағы басқа кейбіреулерінде, 1861 жылы ма, әлде 62 жылы ма, онша есімде жоқ, облыстық басшылар бірінші рет шоқынған қазақтардың кейбіріне қырда өзінің бұрынғы бұратана еркінде қала беруіне рұқсат етті. Бұл шара, біздің ойымызша, келешекте қазақ халқына маңызды пайда келтіруге тиіс. Қазақтар осы уақытқа дейін христиан дініне өту – казак-орыс немесе мешан болумен бірдей деп ойлап келді. Өмір сүру мен аралас некелердің нәтижесінде діни алауыздық бәсеңсі беруі керек және шоқындыру бұрынғыдай туысқандық байланысты үзбейтін болады.

Христиандық мүддесі үшін мұндай маңызды шараны қабылдай отырып, облыстық басқарма сонымен бірге ислам жөнінде жағалау шараларын да қабылдауы керек еді, өйткені мұнсыз христиандықтың табысты болуы мүмкін емес» деген пікірі осыны айғақтайды (Ғабитов, Барлыбаева, 2007, 47 б.). Қазақ халқы мұндай миссионерлікпен ұштасқан ағартушылықты құшақ жая қарсы алмады, тіпті, оған бар болмысымен қарсы тұрды. Шоқан Уәлихановтың көшпелі қазақ қоғамында ислам әлі терең тамыр жая қойған жоқ деуіне қарамастан, діннен безу халық санасына сыймайтын құбылыс еді. Шоқан Уәлихановтың мақаласы Ресей империясының ислам дініне қатысты екі ұшты саясат ұстанғанын байқатады. Біріншісі, дінбасылары мен молда-ишандарға қолдау көрсетіп, сылап-сипап өз мүддесіне пайдалану. Бұл Ресей үшін маңызды еді, өйткені Кавказ пен Орталық Азия халықтарының отаршылдыққа қарсы күресінің рухани байрағы ислам болғаны белгілі. Шоқан Уәлихановтың өзі атап көрсеткендей, «Шәмілдер мен Абдулқадырлар мұсылмандық білім елдерінде пайда бола алады» (Ғабитов, Барлыбаева, 2007, 47 б.). Халық толқуларына жол бермеу үшін патшалық үкімет жергілікті жерлерде бай-феодалдармен қатар, дін адамдарына да жеңілдіктер беріп, сый-сияпат көрсетіп отырды. Дінге байланысты Ресей империясының ұстанған екінші бағыты православиені

тарату болды. Ресейдің бұл саясаты империяның ішкі аймақтарының тұрғындарын жаңа жерлерге қоныс аударуы және жаңа елді мекендерде шіркеулер тұрғызумен шектелмеді, Батыс миссионерлері сияқты орыс священниктері мен «ағартушылары» жергілікті халық арасында өз діндерін таратудың әдіс-тәсілдері мен барлық айла-шараларын іске асыруға талпынды. Бұл саясат Сібір мен Қиыр Шығыс сияқты әлемдік өркениет орталықтарынан жырақта қалған аймақтарда өз жемісін берді. Алайда, христиандықты қабылдау бұл халықтарды өркениет өріне көтерді ме? Әрине, ғылым мен білімнің өркениеттік дамудағы маңызын жоққа шығару мүмкін емес, бірақ сонымен қатар руханилықтың да рөлін ескермеуге болмайды. Егер қоғам тоқырауға немесе қандай да бір керітартпалық құбылысты бастан кешіп отырса, оның себебі тек дін ғана болып табылмайды. Қазақ қоғамының күйзелісі түркі әлеміндегі құбылыстардың заңды салдары болып табылады. Діннің жасампаздық пен шығармашылыққа бейім тұстарын ұмытып, оның догматтық сипатына мән берушілік оның солуына алып келетіні белгілі, бірақ сонымен қатар, оның жоғары да аталған позитивті жақтарын ояту және қоғамдық кемелденуіне кеңінен қолдану дінге және онымен байланысты өркениетке жаңа дем беріп, тынысын ашатыны да белгілі.

Жоғарыда аталған екі мақаланы мазмұндық салыстыру олардың қайшылықты сипатын байқатады. «Сот реформасынан» біз халық мүддесін ойлайтын, дәстүрге жанашырлық танытатын ғалым, қоғам қайраткері сипатындағы Ш. Уәлихановты аңғарсақ, «Сахарадағы мұсылмандық туралы» мақаласынан керісінше, қазақ халқын шоқындырып, діні мен салт-дәстүрінен айырудың жобасын жасап отарлық әкімшілікке “пайдалы” кеңес беруші Ш. Уәлихановты көреміз. Бұл Шоқан Уәлихановтың соңғы мақаласы отаршыл әкімшілік тарапынан редакцияланған немесе тіпті, бұрмаланған болуы мүмкін деген күмән туғызады (тіптен, бұл мақаланы отарлық әкімшілік тапсырысымен К.К.Гаутковский жазып Ш.Уәлиханов атынан ұсынуы мүмкін, Н.И. Веселовскийдің «кейбір қағаздарды» дегені осыған меңзейтін тәрізді). Өйткені, Шоқан Уәлихановтың діни көзқарасы мен ұстанымдары туралы С.В.Селиверстов: «Шоқан Уәлихановты XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыстың либеральды-радикалды бастышыларымен (халықшылдармен де) слаыстыратын болсақ, мұсылмандыққа бір табан жақын болған қазақ интеллектуалынан ерекшелігі олар христиандықтан алшақтау тұрды. Орыс батысшылы/халықшылы православиелік христиандыққа тиесілікті халыққа қызмет етудің белгісі деп қарастырмады. Ал Ш.Уәлиханов үшін халыққа қызмет ету мұсылмандық аясында болуды ұйғарады» деп жазды (Селиверстов, 2021, 103–104 бб.). Шоқан Уәлихановтың отбасымен тығыз қарым-қатынаста болған Ресей зерттеушілері оның ата-анасы мен жақын туыстарының исламның сенімдік және ғибадаттық негіздерінен терең хабардар болғанын және күнделікті тұрмыста дін парыздарын қалт жібермей ұстанғанын атап көрсетеді. (Потанин, 1968, 294 б.)

Бұл деректер Шоқан Уәлихановтың діннің пайда болып дамуы туралы көзқарастарының жалпы ағартушылық идеяларымен сабақтасқанымен оның халықтың дүниетанымы мен ділінің қалыптасуындағы рөлін дұрыс бағалай алғанын көрсетеді.

Ы.Алтынсарин «Мұсылманшылықтың тұтқасы» Аталған еңбегінің мақсаты жайлы Ы. Алтынсарин: «... Қазіргі кезде қазақ арасында Мұхамбеттің діни оқуы жайылып, етек алып барады... мүмкін болғанша, біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін (бұл қазақтарды татарландырудың ең сенімді тәсілдерінің бірі ғой) мен соңғы кезде Мұхамбет шарифатын үйрене бастап... Осы оқу құралын құрастыруға кірістім» деп түсіндіреді (Алтынсарин, 1991, 153-154 бб.). Профессор А. Сейдімбек Ы. Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасын» жазуына себеп болған екі жайтты атап көрсетеді, біріншісі, сол замандағы талап бойынша дін сабағы өтілуі тиіс болды. Екіншісі, қазақтың жазба мәдениетіне араб, парсы сөздерінің ентелей енуі еді, сондықтан “халық тілінің шұбарланып бара жатуы” Ы. Алтынсарин сияқты көкірек көзі оя азаматтарды ойландырмай қоймады (Сейдімбек, 1991, 3-5 бб.). Сөйтіп Ыбырай Алтынсарин қазақ тілінің табиғи тазалығына үлкен мән береді, өйткені кейінгі нейролингвистикалық зерттеулер көрсеткендей тіл мен сана өзара байланыста болып, ұлттың өзіндік дүниетанымы мен менталитетінің дамуына зор ықпал етеді.

Қазақ халқының діни танымы мен салт-дәстүрін рационалды ғылыми негізде зерттеп зерделеуді одан әрі жалғастырған Ыбырай Алтынсарин болды. Оның дін мәселелеріне қатысты жазған еңбектерінің ішіндегі маңызды әрі бірегейі «Мұсылманшылықтың тұтқасы».

Ы.Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегін жазудағы мақсаты халықты ислам дінінің

ақидалық һәм фикһи негіздерінен хабардар етумен шектелмейді. Бұл туралы ол Н.И. Ильминскийге жазған хатында: «... Кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан да әсер етуге бар күшімді салып отырмын. Күлсеңіз күле беріңіз – мен кейбір оқытудан бос уақыттарымда оларға ресми түрде молда да болып қоям; сөйтіп оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді қосып айтамын» (Алтынсарин, 1988, 151-152 бб.). Сол себепті Ы. Алтынсарин «Мұсылманшылықтың тұтқасының» үшінші бабын исламдағы көркем мінез – ахлақ мәселелеріне арнайды. Адамгершілік пен ар-ұятты адам болмысының ең жоғарғы өлшемі, құндылықты шыңы санаған Ыбырай, көркем мінезді ұлттық педагогиканың өзегі, бастауы мен соңы, мақсаты мен мұраты деп қарастырады. Ы.Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегін мұрағаттық негізде зерттеген Г.К. Мұқанова Ы. Алтынсариннің осы еңбегінің екі қырына назар аударады. Біріншісі, «оқу үдерісіне зер салған ол білім алушылардың ұлттық-мәдени тиесілігін жоғалту қаупінің бар екенін сезінді. Сөйтіп, империялық құрсау жағдайында қазақтар мен башқұрттардың этникалық тиесілігіне байыппен қарау қажеттілігін ашық айтты. Ы. Алтынсарин талантының тағы бір қыры – білім мен адамгершіліктің үйлесімді арақатынасы. Үйреншікті отбасынан қашық мектеп-интернатта оқуы барысында қазақ (және башқұрт) балаларына шарият немесе мұсылманның өзін қоғамда дұрыс ұстау негіздерін сіңіру» (Муканова, 2019, 139 б.).

Жапон ғалымы, Орталық Азия мен Алаш тарихын зерттеуші Томохико Уяма Ыбырайдың «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегін жазуы барысында көптеген материалдарды соның ішінде, татар теологы әрі жазушысы Атауллаһ Баязитовтың кітабында қолданғанын және оның бұл бастамасы басқаларды да ислам әдебиеттерін ана тілінде басып шығаруына түрткі болғанын атап көрсетеді» (Уяма, 2013, 95-118 бб.).

Ы. Алтынсарин діни білімнің сапасы мен мазмұнына да ерекше мән береді, «1882 жылы Торғай облысындағы оқу жұмысының жайы туралы есебінде»: «Бұл мектепте мен байқаған бір ғана кемшілік – жергілікті қазақ қарттарының тілегі бойынша тағайындалған дін оқытушысы мола Құрбанияз болып отыр. Бұл бір өте сыңарезу, топас және өзіне берілген кеңесті де түсіне алмайтын адам. Сондықтан оны дін оқытушылық қызметінен мүлде босатып жіберген мақұл болар еді, бірақ олай етіп мектеп төңірегіндегі қазақтарды және олардың қарттарын ренжітіп алмайын дедім де, молданың өзінің ризалығымен, сол Ақтөбе мектебінің өзінде өз жанынан келіп оқып жатқан, Мұхамбеттің діни жақсы оқуына таныс бір қазақты оның көмекшісі етіп тағайындадым. Ақтөбе мектебінде дін сабағын қазір осы қазақ жігіті оқытып жүр», - деп жазады (Алтынсарин, 1988, 151-152 бб.). Ыбырайдың дін сабағын оқыту туралы ойы өз заманы үшін прогрессивті еді, себебі діни білімнің басты мақсаты – терең ойлы, озық білімді кемел адамды тәрбиелеу болды, осы тұрғыда Ы. Алтынсарин діни білім мен дүниелік білімді сабақтастыруға талпынды. Қазақ жастарын дінді тек нақылмен ғана қабылдаудан сақтандырып, діни мәтінді түсінуде ақылдың да маңызы мен мүмкіндігін алға тартты. Бұл өзінің жоғарыда айтқанындай “қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуіне” кепіл болатын еді. Ы. Алтынсариннің бұл көзқарасы қазіргі қазақ қоғамы үшін де зор маңызға ие, өйткені діни буквализмнің шырмауына түсіп, фанатизмге бой алдырғандардың өкінішті тағдыры осыны айғақтайды. Ы.Алтынсариннің діни білімнің мәні мен мақсаты туралы идеялары түркі халықтарының рухани оянуына түрткі болған жадишілдік қозғалысының ізашары болды. Ы. Алтынсарин XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамындағы діни ағартушылықтың іргетасын қалауда да маңызды рөл атқарды. «Екі жақты қысымда ағартушылық мұраттары, сөз жоқ, мұсылмандық ағартушылық қозғалыс талаптарымен үндес, ыңғайлас, сабақтас бағытта көрініс тапқан Ы. Алтынсариннің шығармашылық ғұмыр-баяны, өмірлік ұстанымдары тұрғысында ескеретін өзекті мәселенің бірі – осы дін ағартушылығы бағытындағы еңбектері» (Сейсенбиева, Мәдібаева, Юсуп, 2019, 89 б.).

XX ғасыр басындағы діни-рухани тәрбие мен дүниелік білімді ұштастырған қазақ зиялы қауымының қалыптасуына Ы. Алтынсариннің прогрессивті идеялары тікелей ықпал етті. Ресей Думасындағы “мұсылман фракциясының” жер мен тіл, дін еркіндігі мен теңдігі үшін күресінен, қазақ елінің егемендігі мен дербестігін талап еткен алаш қайраткерлерінің тұлғалық өсуінен Ы. Алтынсарин ықпалының қолтаңбасын көруге болады.

Ыбырай Алтынсариннің этнографиялық очерктері сол дәуірдегі Торғай өңірі қазақтарының салт-дәстүрі, рәсімдері мен діни наным-сенімдері туралы жан-жақты мәліметтер береді. «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркінде» Ы.Алтынсарин мұсылмандық

және көне түркі заманынан келе жатқан дәстүрлердің өзара сабақтасуын сипаттайды. Мысалы ислам дініндегі ысқат рәсімі туралы: «...Шариғат бойынша өлікті арулап жуып, жаназасын оқып көмгеннен кейін, оның көйлек көншектері және де басқа киім кешектері кедейлерге беріледі, содан кейін молдаларға садақа үлестіріледі, бұл садақа – ысқат деп аталады. Ысқат, қазақтардың түсінігі бойынша, молдаларға шариғат заңы арқылы белгіленген төлеммен, өлген адамның күнәсін сату деген сөз. Мұхамбеттің шариғаты бойынша ысқат – өлген адамның тірі күнінде, балиғатқа жеткен күнінен бастап, күніне бес рет оқылтын намаздың оқылмай қалған қазалары үшін және рамазан айын (мұсылмандар ораза ұстайтын айының аты) оразасыз өткізгені үшін құдай жолы (садақа) түрінде кедейлерге берілуге тиіс. Бірақ осы шариғат бойынша: «Өлген адамның күнәсін көтеру», яғни өлік басында – «көтердің бе?» - «көтердім» деп уәде беру міндеті молдаларға жүктелмеген; мұндай сөздерді молдаларға қазақтардың өздері айтқызады» ... Сонан өлген адам, жоғарыда айтқанымыздай, балиғатына жеткеннен бері (күйлі адамның балаларын 13 жастан, кедей балаларын 15 жастан бастап есептегенде) неше жас жасаған болса, өлген адамның туысқаны молдаға құранды өлік үстінен сонша беріп: - «Әкемнің, ағамның не сондай бір туысқанымның күнәсін қабыл етесің бе?» - деген сұрақ қойып отырады. Молда құранды ала беріп, - «қабыл еттім» деп жауап қайырып отырады, - деп жазады (Алтынсарин, 1988, 151–152 бб). Ы. Алтынсарин осы рәсімдегі “күнә көтерудің” ислам шариғатында жоқ екенін айта отырып, дәуір айналдырудың салтының Торғай өңірі қазақтарының арасында орын алғанын көрсетеді. Оның бұл еңбегі қазақ мұсылмандығының өзіндік сипаты мен ерекшеліктерін тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Құда түсу салтын сипаттауда да мұсылмандық неке қию мен исламға дейінгі дәстүрлердің халықтық мәдениеттегі синкреттілігін ашып көрсетеді. Бұл зерттеулерінде Ы. Алтынсарин сол замандағы этнография ғылымында көрініс тапқан объективтілік пен шынайылық, субъективті баға беруден тартыну сияқты принциптерді басшылыққа алады. Ы. Алтынсариннің этнографиялық еңбектері «Ресейдің ғылыми ортасында кең танымалдыққа ие болды және әлі күнге дейін маңызын жоғалтқан жоқ» (Серізбаев, 2001, 279 б.).

Нәтижелері және талқылама

Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының діни наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптарын зерттеудің заманауи ғылыми негізін қалаған ғалымдар. Олар қазақ дүниетанымының тарихи тамырлары мен эволюциялық үдерісін сипаттап, мифологиялық және діни қабаттарының өзара байланысын, сабақтастығын көрсетеді.

Шоқан Уәлихановтың қол жазбаларының жоғалып кетуі, оның мақалаларының мазмұндық ерекшеліктері мен интенциясын саралау оның кейбір идеялары мен көзқарастарының патшалық отарлық әкімшілік цензура тарапынан қайта өңделіп, Ресей мемлекетінің саяси мақсаттарына сай өзгертілуі мүмкін деген зерттеушілік ұстанымды ортаға қояды. Бұл ұстанымға бұлтартпас айғақтар жоқ, бірақ жанама деректер осындай гипотезаға түрткі болады.

Қорытынды

Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының салт-дәстүрі, діни наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптарын зерттеуі сол замандағы еуропалық ғылымда кеңінен таралған этнографиялық сипаттау, классификациялау және баяндау тәсілдеріне негізделді және объективтілік, зерттеуші бейтараптылығы, алынған нәтижелерді субъективті бағалаудан сақтану сияқты принциптерге сай жүзеге асырылады. Сондықтан қос ойшылды да қазақ тарихындағы гуманитарлық саладағы ғылыми зерттеудің методтары мен методологиясының іргетасын қалаған ғалымдар деп қарастырамыз.

Алғашқы қазақ ғалымдарының шығармашылығын талдаудан туындайтын тағы бір түйін – ғалым тұлғасының әлеуметтік жауапкершілігі. Ғалым болу тек ғылыммен шұғылданып, жаңалық ашу ғана емес, сонымен қатар өзің өмір сүріп отырған қоғамның түйткілді мәселелерін талқылап, шешудің жолдарын ұсыну. Бұл тұлғадан ғалымдықпен қатар, азаматтық ұстанымды талап етеді. Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсарин халқымызға азаматтықтың үлгісін көрсетіп, әлеуметтік жауапкершіліктің шыңынан көріне білді. Олардан басталған бұл дәстүрді алаш зиялылары жалғастырып, ғылыми қызметті қоғамдық қайраткерлікпен

сабақтастырды. Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсарин негізін қалап, алаш зиялылары арқылы жалғасқан бұл дәстүрдің қазіргі қазақ қоғамның дамуындағы рөлі айтпаса да түсінікті.

Әдебиеттер

- Абдыкеримов, М. О. (б.ж.). Очерки Чокана Валиханова как отражение истории Центральной Азии второй половины XIX века. CyberLeninka. <https://cyberleninka.ru>
- Алдибеков, Ж. С. (1993). Общественно-политические и правовые взгляды И. Алтынсарина (Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук). Алматы.
- Алтынсарин, Ы. (1955). Таңдамалы шығармалар. Алматы.
- Алтынсарин, Ы. (1988). Таза бұлақ. Жазушы.
- Алтынсарин, Ы. (1991). Өнер-білім бар жұрттар. Жалын.
- Байдаров, Е. У. (2014). Чокан Валиханов как исследователь религиозно-мировоззренческого наследия казахов. Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук, 1(293), 99–105.
- Вундт, В. (1912). Народная психология (Т. 2: Миф и религия; Н. Н. Ланге, ред. и пер.). Санкт-Петербург.
- Ғабитов, Т., & Барлыбаева, Г. (2007). Қазақ ағартушыларының философиясы. В Жиырма томдық (Т. 10). Аударма.
- Ишембетов, И. Р. (2006). Взгляды Валиханова Ч. Ч. на право и государство (Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук). Казань.
- Муканова, Г. К. (2019). «Иманыңыз болсын жолдас»: Архивные источники о неизвестном И. Алтынсарине. Вестник КазНУ имени аль-Фараби. Серия историческая, 1(92), 139–145.
- Нысанбаев, Ә. Н. (Ред.). (2006). Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы: Қазақтың психологиялық ой-пікірлері (Т. 10). Таймас баспа үйі.
- Потанин, Г. Н. (1968). В юрте последнего киргизского царевича (Из поездки в Кокчетавский уезд). В Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах (Т. 4). Наука Казахской ССР.
- Сегизбаев, А. О. (2001). История казахской философии: От первых архаичных представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия. Ғылым.
- Сейдімбек, А. (1991). Ғибраты мол еңбек. В Ы. Алтынсарин, Мұсылманшылдықтың тұтқасы. Шариат-ул-ислам (3–5 бб.). Қазақстан; Қаламгер.
- Сейсенбиева, Ә., Мәдібаева, Қ., & Юсуп, А. (2019). Ы. Алтынсариннің «Шариат-ул ислам» еңбегіндегі мұсылман ағартушылығы. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы, 4(129), 89–96.
- Селиверстов, С. В. (2021). Становление светской тенденции в тюркском социуме Российской империи: Европейско-русская и мусульманская образованность в интерпретации Ч. Ч. Валиханова и М.-С. Бабаджанова (конец 1850-х – начало 1860-х годов). Исторический курьер, 5(19), 103–104.
- Скопа, В. А. (б.ж.). Историко-этнографическая деятельность Ибрая Алтынсарина во второй половине XIX века. CyberLeninka. <https://cyberleninka.ru>
- Уәлиханов, Ш. Ш. (2010). Көп томдық шығармалар жинағы (Т. 1). Толағай групп.
- Уәлиханов, Ш. Ш. (2016). Тәңірі. RS; Халықаралық Абай клубы.
- Ууама, Т. (2013). The changing religious orientation of Qazaq intellectuals in the Tsarist period: Shari'a, secularism, and ethics. Österreichische Akademie der Wissenschaften.

References

- Abdykerimov, M.O. Ocherki Chokana Valihanova kak otrazhenie istorii Central'noj Azii vtoroj poloviny XX veka [Essays by Chokan Valikhanov as a reflection of the history of Central Asia in the second half of the 20th century]. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n>
- Aldibekov, Zh.S. (1993). Obshchestvenno-politicheskie i pravovye vzglyady I. Altynsarina. Avtoreferat na soiskanie uchenoj stepeni kandidata yuridicheskikh nauk [Socio-political and legal views of I. Altynsarina]. Almaty, 19 p.
- Altynsarin, Y. (1955). Tandamaly shygarmalar [Selected works]. Almaty, 324 p.
- Altynsarin, Y. (1988). Taza bulak [Clean Spring]. Almaty: Zhazushy, pp. 151–152.
- Altynsarin, Y.S. (1991). Oner – bilim bar zhurttar [Educated Nations]. Almaty: Zhalyln, pp. 153–154.

- Baidarov, E.U. (2014). Chokan Valikhanov kak issledovatel' religiozno-mirozzrencheskogo naslediya kazahov [Chokan Valikhanov as a researcher of the religious and worldview heritage of the Kazakhs]. News of the Russian Academy of Sciences. Series of Humanitarian Sciences, 1(293), 99 p.
- Gabitov, T., & Barlybaeva, G. (2007). Kazak agartushylarynyn filosofiyasy. Algy soz. Zhiyrma tomdyk [Philosophy of Kazakh Enlighteners. Preface. Twenty-volume edition]. Vol. 10. Astana: Audarma, 47 p.
- Ishimbetov, I.R. (2006). Vzgl'yady Valihanova Ch.Ch. na pravo i gosudarstvo. Avtoreferat na soiskanie uchenoj stepeni kandidata yuridicheskikh nauk [Views of Ch.Ch. Valikhanov on law and the state]. Kazan, 19 p.
- Mukanova, G.K. (2019). «Imanyynz bolsyn zholdas: Arhivnye istochniki o neizvestnom I. Altynsarin» [“Have Faith, Comrade”: Archival Sources about the Unknown I. Altynsarin]. Vestnik KazNU im. al-Farabi. Seriya Istoriya, 1(92), 139 p.
- Potantin, G.N. (1968). V yurte poslednego kirgizskogo carevicha (Iz poezdki v Kokchetavskij uezd) [In the Yurt of the Last Kyrgyz Tsarevich]. In: Ch.Ch. Valihanov. Sobranie sochinenij v pyati tomah. Vol. 4. Alma-Ata: Nauka KazSSR, 294 p.
- Psihologiya. Adamzat akyl-ojynyn kazynasy. 10 tomdyk Kazaktyn psihologiyalyk oj-pikirleri (2006). [Psychology. Treasury of Human Thought. Ten-volume Collection of Kazakh Psychological Thought]. Ed. by A.N. Nysanbaev. Almaty: Taimas, 140 p.
- Segizbaev, A.O. (2001). Istoriya Kazahskoj filosofii: Ot pervyh arhaichnyh predstavlenij drevnih do filosofii razvityh form pervoj poloviny XX stoletiya [History of Kazakh Philosophy]. Almaty: Gylym, 279 p.
- Seidimbek, A. (1991). Gibraty mol enbek. Algy soz [Foreword]. In: Altynsarin, Y. Musylmanshyldyktyn tutkasy. Shariat-ul-Islam. Almaty: Kazakhstan; TPO Kalamger, pp. 3–5.
- Seisenbieva, E., Madibaeva, K., & Yusup, A. (2019). Y. Altynsarin. «Shariat-ul islam» enbegindegi musylman agartushylygy [Muslim enlightenment in the work “Shariat-ul Islam”]. L.N. Gumilyov Eurasian National University Bulletin, 4(129), p. 89.
- Seliverstov, S.W. (2021). Stanovlenie svetskoj tendencii v tyurkskom sociume Rossijskoj imperii: evropejsko-russkaya i musul'manskaya obrazovannost' v interpretacii Ch.Ch. Valihanova i M.S. Babadzhanova (konec 1850-h – nachalo 1860-h godov). Historical Courier, 5(19), pp. 103–111.
- Skopa, V.A. Istoriko-etnograficheskaya deyatel'nost' Ibraya Altynsarina vo vtoroj polovine XIX veka [Historical and ethnographic activity of Ibray Altynsarin in the second half of the 19th century]. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n>
- Ualikhanov, Sh.Sh. (2010). Kop tomdyq shygarmalar zhinagy [Multi-volume Collection of Works]. Vol. 1. Almaty: Tolagay Group, pp. 74–75.
- Ualikhanov, Sh. (2016). Taniri [Tenger]. Almaty: Respublikalyk Abay Club, 145 p.
- Uyama, T. (2013). The Changing Religious Orientation of Qazaq Intellectuals in the Tsarist Period: Shari'a, Secularism, and Ethics. Available at: https://www.academia.edu/8148029/Tomohiko_Uyama. In Sitzungsberichte der Österreichischen Akademie der Wissenschaften, Band 844. Wien.
- Wundt, W. (1912). Narodnaya psihologiya. T. II: Myth and Religion [Folk Psychology. Vol. II: Myth and Religion]. Trans. and ed. by N.N. Lange. Saint Petersburg, 205 p.

Қаржыландыру.

Бұл зерттеу ҚР Ғыл

ым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын «Қазақстандағы дәстүрлі ислам: ғылыми тәжірибелік негіздері мен дамыту жолдары» атты бағдарламалық – нысаналы ғылыми жоба аясында (Грант № BR24993035).

Авторлардың үлесі.

Затов Қайрат – мақаланың ғылыми тұжырымдамасын айқындау және мәтіннің соңғы нұсқасын редакциялау үдерісіне жауапты.

Адилбаева Шамшат – дереккөздерді жинақтау мен жүйелеу, рәсімдеуге жауапты.

Әділбаев Алау – мақаланың әдістемесіне жауапты.

Жаксыбаева Анар – мақала тақырыбы бойынша әдебиеттерге шолу жасау, жарияланымға ұсыну

талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету және зерттеу жұмысына қатысу.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about:

Kairat Zator – professor Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, 73 al-Farabi Street, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3705-7097> E-mail: Kairat_1966@list.ru

Қайрат Затов – филос., ғ.д., профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, әл-Фараби даңғылы, 73, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3705-7097> E-mail: Kairat_1966@list.ru

Затов Кайрат – доктор философских наук, профессор, Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3705-7097> E-mail: Kairat_1966@list.ru

Shamshat Adilbayeva – associate professor Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, 73 al-Farabi Street, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8073-4044> E-mail: Shamshat.nmu@mail.ru

Шамшат Адилбаева – қауымдастырылған профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, әл-Фараби даңғылы, 73, Алматы, Қазақстан, ORCID: <http://orcid.org/0000-0001-8073-4044> e-mail: shamshat.nmu@mail.ru

Шамшат Адилбаева — ассоциированный профессор, Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан Алматы, Казахстан. ORCID: <http://orcid.org/0000-0001-8073-4044> e-mail: shamshat.nmu@mail.ru

Alau Adilbayev – associate professor Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, 73 al-Farabi Street, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3211-0007> E-mail: adilalau72@mail.ru

Алау Әділбаев – қауымдастырылған профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, әл-Фараби даңғылы, 73, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3211-0007> adilalau72@mail.ru

Алау Адильбаев — ассоциированный профессор, Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3211-0007> adilalau72@mail.ru

Anar Zhaqybayeva – PhD, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, 73 al-Farabi Street, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6537-9440> E-mail: muslimka12_92@mail.ru

Анар Жаксыбаева – PhD доктор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, әл-Фараби даңғылы, 73, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6537-9440> e-mail: muslimka12_92@mail.ru

Анар Жаксыбаева – доктор PhD, Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6537-9440> e-mail: muslimka12_92@mail.ru

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 23.04.2026

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 10.06.2026

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 30.06.2026